



plans.label.author: Сундеткалиев Алибек Сундеткалиевич

plans.label.category: Дене шынықтыру

plans.label.class: 8-сынып

plans.label.section: Гимнастикалық элементтер және оның түрлері

plans.label.theme: Акробатикалық жаттығуларды тізбегі: Төпе теңдік және секіру

Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	8.3.2.2 Денені қыздыру және қалпына келтіру жаттығуларының кешенін құру және көрсету, сондай-ақ оның маңыздылығын түсіну 8.1.2.2 Кең ауқымдағы қимыл-қозғалыс комбинацияларын және олардың орындалу реттілігін түсіндіру және көрсете білу
Сабақ мақсаттары	Шағын диапазондағы дене жаттығуларының құрылымдық идеяларының тактикалары мен стратегияларын бағалай және қолдана алады
Бағалау критерийлері	Оқушылар шағын диапазондағы дене жаттығуларының құрылымдық идеяларының тактикалары мен стратегияларын біледі және сипаттай алады
Тілдік мақсаттар	Оқушылар орындай алады: Адамның денсаулығы мен физикалық жай-күйін жақсартуға дене белсенділігі қалай көмектесе алатынын талқылай алады. Пән лексикасы және терминология: • ойын-шабуыл, артық жүк тиелген ойындар, бейімделген ойындар • футбол доп, резиналы доп, түрлі-түсті ленталар, ысқырық • dribbling, пас, жалтару, жүгіру, лақтыру, басып алу • жол-жөнекей ұстау, белгілеу, құлпы • шабуылдаушы, қорғаушы, қарсыласы • ұпайлар, мақсаттары, қағидалары • тактика, стратегия • бірлескен жұмыс • допты меңгеру, допты жоғалтып алу • әзірлеу, жасау • рөлдер: ойынды құрушысы, ұйымдастырушы, көшбасшы, төреші, технологиялық картаны құрушысы
Пәнаралық байланыстар	Дене және денсаулық ғылымдарымен байланыс, қауіпсіздік, салмақ/ағым динамикасы. Информатика (интернеттен ақпарат іздеу), математика (кеңістік, бағыт және бұрыш), биология (ағзадағы биохимиялық өзгерістер), физика (жылдамдық, салмақ, энергия), психология (шағын топтарда жұмыс жасау) пәндерімен байланыс.
АКТ қолдану дағдылары	Ғаламтордан ақпарат табу үшін ноутбуктерді пайдалану, сабақты видео құралдарға жазып алу.
Бастапқы білім	Оқушылар үй мен мектеп бағдарламасынан тыс, сондай-ақ алдыңғы бөлімдер мен сыныптарда алынған меншікті негізгі қарым-қатынас дағдылары мен қозғалыс дағдыларын дамыта алады.

plans.stages

plans.schedule.stages	plans.schedule.activity	plans.schedule.resources
Сабақтың басы	Мұғалім оқушылармен сәлемдеседі. Сәлемдескеннен соң, оқушылармен келесі сұрақтарды талдайды: - спорттық ойындарда қандай түрлерін білесіңдер? - ойын тактикасы не екенін білесіңдер ме? - ойын стратегиясы не екенін білесіңдер ме? Әріқарай мұғалім сабақтың тақырыбын айтады: «Ойындағы жеке жіне командалық әрекеттер». Мұғалім оқушылардың өздеріне оқу мақсаттарынан жетістік критерийлерін шығаруды ұсынады, оларды дайын критерийлермен салыстыртқызады. (Б, Ж) Мұғалім жаттығуды өткізуді ұсынады. Оқушылармен бірге көшбасшыны таңдап, дене жүктемелеріне дайындау үшін, әртүрлі бұлшықеттер топтамасына жаттығу жасатқызады.	Әр әрекет үшін үлкен бос кеңістік.

plans.schedule.s tages	plans.schedule.activity	plans.schedule.resources
Сабақтың ортасы	(К) Мұғалім баскетбол ойынынан үзінді көруді ұсынады (сілтеме). (К)Көрген бейнебаянды талқылау: - Сары майкадағы команда шабуылжасағанда қандай тактикалық әрекеттер жасайды? (мұғалім ойынныңнақты үзіндісін көрсетеді). - ақ майкалы команда қорғаныста қандайстратегиялар қолданды? (мұғалім ойынның нақты үзіндісін көрсетеді). (К,Т) Әрі қарай суреттер (1 команда баскетбол добының суреті, екінші команда волейбол добының сурет») арқылы сыныпты екі командаға бөледі. Ойын үшін: 1. «Допты 10 рет беру» (№3 қиықша). Тапсырмаларға дескрипторлар: - қарсылас команда алып қоймас үшін 10 рет допты өз командаластарына беру керек - допты екі қолмен жүргізуге болмайды 2. «Пингвиндер жүгірісі» » (№4 қиықша). Тапсырмаларға дескрипторлар: Әр оқушы: - аяқтың ортасына баскетбол добын қыстырады - баскетбол қалқанын айналып келеді - жүгіріп өткен қатысушылар лектің соңына тұрады. (К) Мұғалім ойынды талқылауды ұсынады. - ойын барысында қандай тактикалық әрекеттер қолдандыңдар? - қандай стратегиялар қолдандыңдар? - ойын жағдайында барлығы жүзеге асты ма? -ойын барысында қандай қиындыққа тап болдыңдар? (К, Қ) Әрі қарай мұғалім командаларға ойын барысында «қарсыластарының» қолданған тактикалық әрекеттері мен стратегияларына қалыптастырушы бағалау жүргізуді сұрайды. ФБ смайликтар арқылы орындалады: (өте жақсы - көнілді, жақсы – күлімсүреп, нашар - жылайтын).	Әр әрекет үшін үлкен бос кеңістік. Ноутбуктар. Баскетбол ойынның үзіндісіне сілтеме: https://www.youtube.com/watch?v=efNUV8I5FVc Файл: №1-карточка, файл: №2-карточка, файл: №3-карточка №3. Баскетбол доптары, фишкалар, мұғалімге ысқырық, смайликтар
Сабақтың соңы 10 минут	Сабақтың соңында оқушылар рефлексия жасайды: - Не білдім, не үйрендім - Не түсініксіз - Әлі де жұмыс жасау керек	Стикерлер, маркерлер, қаламсаптар
Дифференциалды оқыту: - көбірек қолдау көрсету үшін не істейсіз? -кабілеті жоғары оқушыларға қандай міндеттер қоюды жоспарлайсыз?	Бағалау: - оқушылардың берілген материалды меңгеру деңгейін қалай тексересіз?	Пәнаралық байланыс: - денсаулық және қауіпсіздік ережелері. - АКТ. - құндылықтармен байланыс (тәрбиелік элемент)
Топтық және командалық жұмыстар қолдану арқылы үлгерімі жақсы оқушылардың көмегімен қабілеті төмен оқушыларға қолдау жасауды жоспарладым. Жоғары қабілетті оқушыларға команда капитаны немесе өз командаларын басқаруды ұсынамын	Оқушылар ойынның тактикасы мен стратегиясы не екенін біледі. Олар командада ойнай алады және қорғаныстағы және шабуылдағы тактикалық әрекеттерді бірге қарастырады. Өзіндік талдау және қалыптастырушы бағалау арқылы і сабақ барысында бағалау жүргізіледі. Бұл бөлімді сабақ туралы өз пікіріңізді білдіру үшін пайдаланыңыз. Өз сабағыңыз туралы сол жақ бағанда берілген сұрақтарға жауап беріңіз.	Оқушылар сабақ барысында ҚТ ережелерін сақтайды.